

4-Тақырып. Қылмыстық  
жауаптылық және оның негізі.  
Қылмыстық құқық бұзушылық  
құрамы.

Аға оқытушы: Сеилханов Ж.Д.



## Қарастыратын сұрақтар:

1. Қылмыстық жауаптылықтың дербес түрі ретіндегі қылмыстық жауаптылық негізінің түсінігі.
2. Қылмыстық жауаптылық негізі туралы сұрақтың теориялық қырлары.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау түсінігі.

**1. Қылмыстық кодекстің 4-бабына сәйкес,** қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни Қылмыстық кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды.

Заңның бұзылуына кінәлі адамдарға қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу заңдық жауаптылықтың әртүрлі формаларында көрінеді. Олардың бірі **қылмыстық жауаптылық.**

**Қылмыстық жауаптылық дегеніміз** - адамның күрделі әлеуметтік-құқықтық зардапқа соқтыратын қылмыстық құқық бұзушылық жасауы, оған мемлекеттің реакциясы ретінде қылмыстық заңда көзделген мәжбүрлеу сипатындағы шаралар қолданылады.

*Қылмыстық жауаптылық деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға (оны соттау, оған жаза тағайындау) сот үкімі бойынша қолданылатын және соттылыққа әкеп соғатын қылмыстық заңда көзделген мемлекеттік мәжбүрлі ықпал ету түсініледі.*

Қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасы ҚК нормаларымен белгіленеді, олар қоғамға қандай қауіпті іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық деп танылатынын көрсетеді. ҚК Ерекше бөлігінде олардың толық тізбесін береді, оларды жасағаны үшін жазаны қарастырады.

*Қылмыстық жауаптылық төмендегідей белгілермен сипатталады.*

*Біріншіден,* қолдану негіздері бойынша қылмыстық жауаптылық қылмыстық құқық бұзушылықтың барлық белгілері бар әрекетті жасағаны үшін ғана жүктеледі.

Жауаптылықтың басқа түрлері, мысалы, тәртіптік, азаматтық-құқықтық, материалдық залалды өтеу түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар әрекеттерді жасағаны үшін де, басқа да құқық бұзушылықтар жасағаны үшін де орын алуы мүмкін.

*Екіншіден,* жауаптылықтың мазмұны бойынша, қылмыстық жауаптылық - бұл құқықтық жауаптылықтың ең қатаң түрі, адамға және оның жасаған әрекетіне мемлекеттік айыптау тағылады не мемлекет атынан үкім шығарылады, ал жаза тағайындау кезінде жазаны орындауға байланысты құқықтық шектеулер түріндегі мемлекеттік мәжбүрлеу де қамтылады. Адамға жауаптылықтың басқа түрлері, әсіресе сотпен жүктелген кезде, мемлекеттік айыптау болмайды.

*Үшіншіден*, қолдану субъектісі бойынша заңды күшіне енген айыптау үкімімен ғана жүктеледі, ешқандай басқа орган немесе лауазымды адам қылмыстық жауаптылықты жүктей алмайды. Құқықтық жауаптылықтың басқа түрлерін сот та, басқа органдар немесе адамдар да қолдануға құқылы.

*Төртіншіден*, қолдану тәртібі бойынша - қылмыстық процесс заңнамасында қылмыстық жауаптылықты жүктеудің арнайы тәртібі белгіленген. ҚПК тергеу органдары мен соттың қылмыстық жауаптылықты жүктеу жөніндегі қызметін реттейді. Құқықтық жауаптылықтың басқа түрлерін жүктеу өзге құқықтық нормалармен реттеледі.

*Бесіншіден*, жауаптылық жүктелетін субъектілер тобы бойынша - қылмыстық жауаптылық жеке сипатта болады, яғни қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі жеке тұлғаға ғана жүктеледі (ҚК 15-бабы). Құқықтық жауаптылықтың басқа түрлері, мысалы, азаматтық, әкімшілік, заңды тұлғаларға жүктелуі мүмкін.

2-сұрақ. Қылмыстық жауаптылық негізі туралы сұрақтың теориялық қырлары.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыс құрамы деп белгілі бір әлеуметтік қауіпті әрекетті қылмыс ретінде сипаттайтын қылмыстық заңда белгіленген объективті және субъективті белгілердің жиынтығы түсініледі. Бұл анықтама қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ұғымына және оның түріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚК-те алғаш енгізілген қылмыстық теріс қылық ұғымына да қолданылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы ұқсас болғанымен, бірдей емес ұғымдар.

Қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз - белгілі бір адамның объективті шындықта жасаған және көптеген таза жеке белгілермен сипатталатын нақты әрекеті немесе әрекетсіздігі.



Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері

Қылмыстық құқық  
бұзушылықтың объектісі

Қылмыстық құқық  
бұзушылықтың объективтік  
жағы


Қылмыстық құқық  
бұзушылықтың субъектісі

Қылмыстық құқық  
бұзушылықтың субъективтік  
жағы

Өз кезегінде, қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы белгілі бір қылмыстық әрекеттің типтік белгілерін ғана бекітетін нормативтік санат болып табылады.

Сондықтан, егер қылмыстық құқық бұзушылық жасау қылмыстық жауаптылықтың нақты негізі болса, онда қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы оның заңды негізі болып табылады.

Бұл екі негіз өзара байланысты және біртұтас болып табылады: заңмен бекітілген құрамсыз немесе қылмыстық теріс қылық болмаса, қоғамдық қауіпті әрекет қылмыстық деп таныла алмайды, ал қылмыстың немесе қылмыстық теріс қылықтың кандай да бір құрамының белгілерін көздейтін қылмыстық-құқықтық норманың болуы, егер адам осы белгілерге жататын іс-әрекетті жасамаса, қылмыстық жауаптылыққа негіз болып табылмайды.



### ***3-сұрақ. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау түсінігі.***

Қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралау үшін, нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының белгілерін тиісінше дұрыс түсіну қажет.

***Қылмысты саралау дегеніміз*** – «қылмыстық құқық нормасымен қарастырылған, жасаған әрекеті мен қылмыс құрамының арасындағы тура сәйкестікті орнату және заңды түрде бекіту»

***«Квалификация» саралау термині екі*** латын: «gualis» - сапа, сапасы қандай; және «facere» - жасау, істеу ұғымдарының бірігуінен туындаған. Яғни, қандай да болмасын құбылыстың, процесстің сапалық бағасы, оның мәнді жақтарын әлеуметтік маңыздылығы белгілі басқа құбылыстармен салыстыра отырып тану.

## *Қылмыстық құқық бұзушылық құқық ғылымында мұндай бөлінудің негізі (критерийі) болып:*

- біріншіден, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының құрылысы есепке алынады (объектісі);
- екіншіден, іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің дәрежесі;
- үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының сипатталу тәсілі.



1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының (объективті) жақтың құрылысына қарай құрамды түрге бөлудің де практикалық маңызы ерекше. Осы белгісі бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы материалдық, формальдық және келте қылмыс құрамы болып бөлінеді.

Іс-әрекеттің нәтижесінен болатын зардап қылмыс құрамында көрсетілсе, ондай қылмысты материалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамы деп атайды. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы әрекет немесе әрекетсіздік жасалған уақыттан бастап қана емес, заңда көрсетілген қылмыстың зардабы болған уақыттан бастап аяқталған деп саналады. Мысалы, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланып қиянат жасауды келтіруге болады (361-бап).

**Формальдық қылмыстық құқықбұзушылық құрамы деп зардабы болмайтын қылмысты айтамыз.**

*Формальдық* қылмысқа жататындар: пара беру (367-бап), қызметтік жалғандық жасау (369-бап). Пара беру, параны кез келген нысанда берген уақыттан бастап, белгілі бір зардаптың болуына қарамастан, аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық деп саналады. Кейде заң шығарушы қылмыстық құқық бұзушылық аяқталған уақытын алдын ала қылмысты әрекет сатысына көшіреді.

Мұндай құралымда қылмыстық құқық бұзушылық құрамын *келте құрам* деп атаймыз. Келте қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамына адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыру (118-бап, 1 -бөлігі) жатады. Бұл құрам бойынша заң шығарушы аяқтау уақытын оның зияндылығына байланысты оқталу сатысына көшірген. Яғни, бұл қылмыстық құқық бұзушылық аталған адамдардың жәбірленушіге осы ауруды жұқтырған уақытынан емес, оларға осы ауруды жұқтыру қаупін туғызған уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Келтеқылмыстық құқық бұзушылықтың құрамына бандитизм де (268-бап) жатады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылық құрамы ұйымдастырылған уақыттан бастап-ақ біткен қылмыстық құқық бұзушылық деп есептелінеді.



2. Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің дәрежесі мен мәніне қарай құрамдар негізгі, жауаптылықты ауырлататын қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары және жауаптылықты жеңілдететін қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары болып бөлінеді.

Негізгі қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы деп іс-әрекеттің белгілі түрі бойынша онда негізгі, тұрақты белгілердің болуын айтамыз.

Негізгі қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайлар көрсетілмейді. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 99-бабының 1-бөлігіндегі құрам негізгі құрамға жатады. Онда кісі өлтірудің жай түрі гана көрсетілген, ауыр немесе жеңіл түрлері айтылмаған.



Егер қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамында осы іс-әрекеттің негізгі белгілерінен басқа жауаптылықты жеңілдететін жағдайлар көрсетілсе, онда ондай қылмыс құрамын жауаптылықты *жеңілдететін қылмыс құрамы* деп айтамыз. Мұндай қылмыс құрамына Қылмыстық кодекстің 101- бабында көрсетілген қылмыс құрамы жатады (жан күйзелісі жағдайында болған кісі өлтіру). Негізгі белгілермен бірге жауаптылықты ауырлататын жағдайлар көрсетілген қылмыс құрамы, сараланған қылмыс құрамы (яғни, жауаптылықты ауырлататын құрам) деп аталады. Немесе 188-баптың 2-бөлігіндегі ұрлықты ауырлататын жағдайлар: адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша, бірнеше рет т. б. жағдайлар жатады.

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының сипатталу тәсіліне қарай құрам жай қылмыстық құқық бұзушылық құрамы, күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамы және балама қылмыстық құқық бұзушылық құрамы деп бөлінеді.

Жай құрам дегеніміз қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерінің біркелкі болуы, яғни оның бір ғана объектісі, бір ғана объективтік жағы ғана болуы. Бұған мысалы, 125-баптың 1-бөлігінде көрсетілген адамды ұрлау жатады.

Күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамы деп қылмыстық құқық бұзушылық құрамы элементтерінің бірінің күрделенуін айтамыз (объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы). Мысалы, екі объектіге бірдей қол сұғуын (192-бап - қарақшылық). Кінәнің екі түрлі нысаны болатын қылмыстар (106-бап, 2-бөлігі және т. б.).

Балама құрам деп Қылмыстық кодекстің бабындағы диспозициясында көрсетілген әрекеттердің біреуін істегендікті айтамыз. Мысалы, 297-бап есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату.